

"Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөніндегі аукциондар ұйымдастыру мен өткізу үшін шарттар жасау құқығы конкурсын өткізу туралы Ережені бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 19 наурыздағы N 106 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 28 маусым N 178 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі 1997.08.04. N 386 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 23 желтоқсандағы заң күші бар "Жекешелендіру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1996 жылдың 7 ақпанындағы N 37 қаулысымен бекітілген акциялардың мемлекеттік пакеттерін аукциондарда сату тәртібі туралы Ережеге сәйкес және акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукциондар ұйымдастыру мен өткізу үшін шарттар жасау құқығы конкурстарын өткізудің бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті қаулы етеді:

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукциондар ұйымдастыру мен өткізу үшін шарттар жасау құқығы конкурсын өткізу тәртібі туралы ұсынылған Ереже" бекітілсін.

2. Аукциондарды ұйымдастырушыларды іріктеу акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукциондар ұйымдастыру мен өткізу үшін шарттар жасау құқығы конкурсын өткізу тәртібі туралы Ережемен белгіленген процедураға сәйкес жүзеге асырылуы керектігі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату жөніндегі Басқарма бастығы Қ.С. Құттыбаеваға және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендіру Басқармасының бастығы Н.Ж.Махимовқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Жекешелендіру жөніндегі
мемлекеттік комитетінің

1996 жылдың 19 наурызындағы

Бекітілген

Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөніндегі аукциондар ұйымдастыру мен өткізу үшін шарттар жасау құқығы конкурсын өткізу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Ереже акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөніндегі аукциондар ұйымдастыру мен өткізуге шарттар жасау құқығы үшін конкурстар өткізу тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті (бұдан әрі текст бойынша ЖМК) арқылы анықтайды.<*>

2. Конкурстың мәні болып шарты алдын-ала анықталған акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукциондар ұйымдастыру мен өткізу үшін шарт жасау болып табылады.

Акциялардың мемлекеттік пакетін сату жөнінде аукцион ұйымдастыру мен өткізу шартын орындау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1996 жылдың 7 ақпанындағы № 37 қаулысымен бекітілген акциялардың мемлекеттік пакеттерін аукциондарда сату тәртібі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

3. Конкурсқа жеке тұлғалар, құнды қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия арқылы берілетін құнды қағаздар рыногының бірінші санатты (дилерлік-брокерлік) кәсіби қатысушысы лицензиясы бар және әрі қарай конкурс Қатысушылары аталатын осы Ереженің 8-тармағында анықталған тәртіпке тіркеуден өткен мемлекеттік емес заңды және шетелдік заңды тұлғалар жіберіледі.

II. Конкурсты дайындау

4. Қазақстан Республикасының облыстар бойынша жекешелендіру жөніндегі (әрі қарай облыстар бойынша ЖМК) мемлекеттік комитеттері конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, конкурс барысында шешімге ұсынылатын шарттар санын және аукционға шығарылатын акциялардың мемлекеттік пакеттерінің тізімін, сондай-ақ оларды сатуды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты қамтитын әрбір шартқа Аукциондық тапсырма белгілейді.

5. Облыс бойынша ЖМК конкурс өткізу туралы шешім қабылданғаннан кейін :

а) комитет жұмысшыларынан конкурс өткізу жөнінде комиссия құрады;
ә) әрбір Аукциондық тапсырмаға шешім құқығымен конкурсқа ұсынылатын акциялардың мемлекеттік пакетін сату жөнінде аукцион ұйымдастыру және өткізуге шарт дайындайды;

б) конкурсқа қатысу үшін кепілдік жарна төлеудің бірыңғай көлемін және оны

енгізу тәртібін белгілейді;

в) жарнамалық компанияны өткізеді;

г) конкурс қатысушыларының тіркеуін жүргізеді;

д) акциялардың мемлекеттік пакетін сату жөнінде аукциондар ұйымдастыру мен өткізу жөнінде шарт жасасу құқығы үшін конкурс жүргізеді;

е) конкурс жеңімпаздарымен шарт жасасады.

6. Жарнамалық компания бірінші санатты БҚҰК (дилерлік-брокерлік) лицензиясы бар фирмалар мекен-жайларына ақпараттық хабар тарату жолымен жүргізеді.

Ақпараттық хабарлау мына мазмұнды қамтиды:

а) конкурс өткізілетін күн, уақыты және орны;

ә) шешім құқығымен конкурсқа ұсынылатын шарттар саны;

б) шартты орындау үшін сыйақы берудің алғашқы проценті;

в) конкурсқа Қатысушы ретінде тіркелу үшін қажетті құжаттар тізімі;

г) кепілдік жарна көлемі және енгізу тәртібі;

д) конкурсқа қатысушыларды тіркеуді жүргізу орны мен мерзімдері;

е) келісімдер мен Аукциондық тапсырмалар шарттарымен танысуға болатын мекен-жайлар;

ж) шарттардың орындаудың шекті мерзімдері;

з) басқа да қосымша ақпараттар.

7. Кепілдік жарна конкурста жеңімпаз болған Қатысушы міндеттемесін, акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөніндегі аукциондар ұйымдастыру мен өткізу шартына қол қоюды қамтамасыз етеді.

Кепілдік жарналар Қатысушыларға конкурс өткізілген күннен бастап 5 банктік күн ішінде кешіктірілмей қайтарылады, егер кепілдік жарна ЖМК есебіне конкурс өткізілген күннен кейін түссе, онда олардың түскен күнінен кейінгі 5 банктік күн ішінде қайтарылады.

Конкурста жеңіске жеткен және акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукцион ұйымдастыру мен өткізу шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда кепілдік жарна қайтарылмайды.

8. Қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарлама таратылған күннен басталады да, конкурстық процедура өткізуге бір сағат қалғанда аяқталады.

Конкурсқа Қатысушы ретінде тіркелу үшін:

а) конкурсқа қатысу үшін арыз;

ә) төлқұжат немесе жекебасын куәландыратын құжат;

б) кепілдік жарна енгізуді растайтын түпнұсқа немесе төлем құжатының көшірмесі;

в) өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат;

г) құнды қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия арқылы берілетін бірінші

санаттағы кәсіби қатысушы лицензиясының көшірмесі;
д) құрылтайшылық құжаттар немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікті нотариалды куәландыратын көшірмелер;
е) аукционды дайындау мен өткізудің күнтізбелік жоспары болуы керек.

9. Конкурса қатысушы :

- акцияларының мемлекеттік пакеттерін сатуға шығарылатын кәсіпорындар туралы қосымша ақпарат сұрауға;
- кәсіпорында қарауға;
- конкурса қатысудан бас тартуға құқылы.

10. Аукционды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі жұмыстың негізгі кезеңдерінің орындалу мазмұны мен мерзімдері, конкурса Қатысушы ретінде тіркелу арызымен бірге ұсынылатын аукционды өткізу мен дайындаудың күнтізбелік жоспары негізінде анықталады. Конкурста жеңіске жеткен жағдайда және акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөніндегі аукцион ұйымдастыру мен өткізу үшін шарт жасау жағдайында күнтізбелік жоспар шарттың ажырамас бір бөлігі болып табылады және конкурс Жеңімпазы аукционды ұйымдастыру мен өткізуде күнтізбелік жоспарда көрсетілген барлық мерзімді сақтауға міндетті .

11. Конкурс жеңімпаздарын анықтау үшін ЖМК комитет қызметкерлерінен акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукциондар ұйымдастыру мен өткізу үшін шартқа қол қоюға өкілетті төрағасы бар конкурстық комиссия құрады .

Конкурстық комиссия мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукциондар ұйымдастыру және өткізу шартын жасау үшін конкурс өткізеді;
- конкурс қорытындылары туралы хаттамалар дайындайды және оларға қол қояды ;
- конкурс өткізу барысында туған дауларды қарайды.

III. Конкурс өткізу және шарт жасау

12. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукцион ұйымдастыру және өткізуге шарт жасау құқығы үшін конкурсы "бір сауда - бір шарт" схемасы бойынша өткізіледі. Конкурсты өткізу конкурс Қатысушыларының шартты орындау үшін ұсынылатын сыйақы көлемінің әрі қарайғы төмендеуіне негізделеді .

13. Конкурсты конкурс комиссиясының төрағасы жүргізеді.

Конкурс оны өткізу тәртібін хабарлаудан басталады. Әрбір шарт бойынша конкурстық сауда шарт нөмірін, аукциондық тапсырманың қысқаша мазмұнынан және шарты орындау үшін ең алғашқы сыйақы көлемінің 5%-тен аспауы керектігін хабарлаудан басталады.

14. Конкурс қатысушылары жеке нөмірлерін көтеріп, осы шартты орындауға өздері келіскен сыйақы процентін ауызша айтады. Сыйақының проценттік ставкасының өзгеруі 0,05%-тен кем болмауы керек. Конкурса Қатысушылар арқылы берілген сыйақы проценттерінің ең азын ұсынушы конкурс жеңімпазы болып табылады. Конкурстық сауда қорытындылары хаттамамен рәсімделеді.

15. Егер конкурстық процедура өткізу басталғанша осы Ереженің 6 тармағының талаптарын сақтаумен жарнамалық конкурс өткізу шартында тек бір ғана Қатысушы тіркелсе, шарт жасасу бәсекелессіз түрде жүргізіледі.

16. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукцион ұйымдастыру мен өткізу шарты шарт бойынша конкурстық сауда бітісімен бірден жасалады. Егер сауда жеңімпазы акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде аукционды ұйымдастыру мен өткізу шартына қол қоядан бас тартса, онда ол конкурса қатысу құқын жоғалтады және конкурстық сауда осы шарт бойынша жаңартылады.